

А.Қ. Ахмет¹ , Г. Айтжанқызы^{2*} 

¹Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Қазақстан, Атырау қ.

²Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: galia8.09@mail.ru

ТҰЛҒАЛАР ТАРИХЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Аталған мақалада орыс зерттеушілері А.И. Левшин, Л. Мейер, И.И. Крафт, П. Юдин, С.Н. Севастьянов, А.И. Добросмыслов т.б. еңбектерінде аталған халқымыздың төл тарихында өзіндік орындары бар тарихи тұлғалар тағдырын жаңаша көзқарас тұрғысынан зерттеу, олардың қоғамдық-саяси қызметтерін бүгінгі көзқарас тұрғысынан бағалау қарастырылады. Өйткені олардың қоғамдық-саяси қызметін саралау алдымен тікелей архив құжаттарының іздестіріліп табылуына және сол тарихи дерек арқылы олардың қоғамдағы орнының объективті бағалануына байланысты.

XVIII ғасырдың соңғы ширегі мен XIX ғасырдың алғашқы ширегінде Қазақстанның батыс өңіріндегі беделді қайраткерлер арасында Қаратай сұлтан, Айшуақ хан, Арынғазы хан, Шерғазы хан т.б. өзіндік орны бар. Олар сол замандағы бүкіл қазақ жері ғана емес, сонымен бірге көршілес елдерге белгілі қоғам қайраткерлері болғандығын орыс зерттеушілерінің ерекше назарын аударды. Қазақ қоғам және мемлекет қайраткерлері өмір сүріп, ізін қалдырған XVIII – XIX ғасырлардағы Қазақстан тарихы халқымыздың жүріп өткен жолындағы ақтаңдақ беттердің бірі екендігі даусыз. Өйткені ұзақ жылдар бойы Қазақстанның Ресей құрамына енуі «өз еркімен қосылды» тәріздес жасанды теориямен дәріптеліп, қазақ халқының қоғамдық-саяси, әлеуметтік экономикалық мәселелері біржақты зерттелді. Соның әсерінен отарлау заманында ешқашан үзілмеген ұлт-азаттық күрестер тарихы, ел басқарған қазақ азаматтарының тарихи бейнесі, халқымыздың көршілес елдермен қарым-қатынасы тек «аға» халықтың мүддесі тұрғысынан баяндалуы қарастырылып, талданады.

Түйін сөздер: тарих, тарихнама, зерттеушілер, билік, хан, сұлтан, Кіші жүз, Қаратай сұлтан, Айшуақ хан, Шерғазы хан, Ресей, Қазақстан.

A.K. Akhmet¹, G. Aitzhankyzy²

¹H. Dosmukhamedov Atyrau University, Kazakhstan, Atyrau

²Ch.Ch. Valikhanov Institute of history and ethnology, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: galia8.09@mail.ru

Study of historical personalities

This article presents a rethinking of the role of historical figures of the Kazakh steppe, and their place in social and political life. In this regard, the works of Soviet and pre-revolutionary authors, including A. I. Levshin, L. Meyer, I. I. Kraft, P. Yudin, S. N. Sevastyanov and others, has focused particularly. In our case, the activity of the political leaders is considered from a new point of view, taking into account their place in the national history. The differentiation of the socio-political activities of the leaders of the Kazakh steppe depends primarily on the interpretation of researchers. Therefore, it is of paramount importance for us to first reconstruct the events, influenced the assessment of personalities and their activities in society.

In the last quarter of the XVII – the first quarter of the XIX century, among the authoritative figures of the Western region of Kazakhstan, Karatai Sultan, Aishuak Khan, Aryngazy Khan, Shergazy Khan, etc occupy a special place. Their activities in the struggle for political stability have attracted the attention of Russian researchers and neighboring countries. It should be noted that the period of the XVIII-XIX centuries for the Kazakh people can be interpreted as one of the most difficult periods. Because for many years, the entry of Kazakhstan into Russia was extolled by the artificial theory of «voluntary accession» and the socio-political, socio-economic problems of the Kazakh people were clearly studied. Under his influence, the author examines and analyzes the history of the national liberation struggle, which was never interrupted, during the colonization, the historical image of the Kazakh citizens ruling the country, the relations of our people with neighboring countries exclusively in the interests of the «older» people.

Key words: history, historiography, pre-revolutionary benefactors, power, khan, sultan, Junior Zhuz, Sultan Karatai, Aishuak Khan, Shergazy Khan, Russia, Kazakhstan.

А.К. Ахмет¹, Г. Айтжанқызы²

¹Атырауский университет им. Х. Досмухамедова, Казахстан, г. Атырау

²Институт истории и этнологии им. Ш.Ш. Валиханова, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: galia8.09@mail.ru

Изучение исторических личностей

В данной статье подается переосмыслению роль исторических личностей казахской степи, и их место в общественно-политической жизни. В этой связи, особенный интерес вызвали труды советских и дореволюционных авторов, а том числе А.И. Левшина, Л. Мейера, И.И. Крафта, П. Юдина, С.Н. Севастьянова и других. В нашем случае, деятельность полтиических лидеров рассматривается с новой точки зрения с учетом их занимаемого места в отечественной истории. Дифференциация общественно-политической деятельности лидеров казахской степи зависит прежде всего от интерпретации исследователей. Поэтому для нас первоначально важно в первую очередь реконструировать события, повлиявшие на оценку личностей и их деятельность в обществе.

В последней четверти XVIII – первой четверти XIX века среди авторитетных деятелей Западного региона Казахстана особое место занимают Каратай султан, Айшуак хан, Арынгазы хан, Шергазы хан и другие. Их деятельность в борьбе за политическую стабильность привлекла особое внимание не только у русских исследователей, но и у исследователей соседних стран. Отметим, что период XVIII-XIX веков для казахского народа можно интерпретировать как один из сложных периодов. Надо отметить, этому способствовало то, что на протяжении многих лет, вхождение Казахстана в состав России превозносилось искусственной теорией «добровольного присоединения» и однозначно изучались общественно-политические, социально-экономические проблемы казахского народа. Под его влиянием изучалась так же история национально-освободительной борьбы казахов, удобно интерпретировался исторический образ правящих кругов, а так же взаимоотношения казахов с сопредельными странами.

Ключевые слова: история, историография, дореволюционные исследователи, власть, хан, султан, Младший жуз, султан Каратай, Айшуак хан, Шергазы хан, Россия, Казахстан.

Кіріспе

Халқымыздың шынайы тарихын қалпына келтіру Қазақстан жұртшылығына тарихи санын қалыптастырудың мемлекеттік концепциясында маңызды мәселе ретінде қойылды. «Отан тарихының тағылымдары және Қазақстан қоғамының қайта жаңғыруы» атты Халық бірлігі және ұлттық тарих жылына арналған ғылыми сессияда да: «Үшінші мыңжылдыққа аяқ басарда бізге өткен-кеткенімізді қайтадан сараптамасқа жағдай жоқ. Өйткені, тарихи жадымызды қалпына келтіріп, тағдырымызды қайта таразылау тәуелсіздігіміздің де мән-маңызын тереңірек ұғындыра түседі», – деп көрсетілді (Отан тарихының тағылымдары, 1999: 9).

Бұрынғы тарихнамада «феодалдық-монархиялық қозғалыстар» қатарына жатқызылып, мансұқталып келген қазақ сұлтандарының отарлық езгіге қарсы қозғалысының тарихын жаңа методологиялық тұрғыдан зерттеудің ғылыми маңыздылығы мен өзектілігін айқындай түседі.

Қазақ сұлтандарының іс-әрекеті отарлық әкімшіліктің Қазақстанда хандық институтты біржолата жоюға бағыт ұстаған кезеңінде өтті. Ал, Қаратай Нұралыұлы, Арынгазы Әбілғазыұлы,

Жоламан Тіленшіұлы, Кенесары Қасымұлы секілді тұлғалар патшалық Ресейдің әртүрлі бағыттағы отарлық, озбырлық шарасына қарсы тұрды. Мемлекеттілігі жоқ халықтың қандай қасіретке ұшырайтынын олар көрегенділікпен болжай білді. Олардың «хандық институтты қалпына келтіруге тырысуы», кеңестік тарихнамада айтылғандай, керітартпалық емес, өз халқы үшін прогресшіл сипаттағы қозғалыс еді.

Қазақ халқының тарихи бірлігі мен ұлт-азаттық қозғалысының тұтастығын ұлықтауға, тарихи жадымыз бен әділеттілікті қалпына келтіруге, көшпенділерді тарихтың дербес күші және субъектісі ретінде қарастыруға, тәуелсіздік үшін күресіміздің, тарихи тамырларының тереңдігі жөніндегі ұстанымдарымен айқындалады. Бұл бағыт-бағдары бүгінгі таңдағы уақыт талаптарымен, әсіресе, құлдық психологиядан арылу міндеттерімен, болашаққа жол сілтер тарих ғылымының танымдық және тағылымдық функцияларынан туындайтын мәселелермен тығыз байланысты.

Дала сұлтандарының қоғамдық-саяси қызметін ұлт-азаттық қозғалысының құрамдас бөлігі ретінде жан-жақты зерттеп, жаңа құндылықтар тұрғысынан пайымдау қазақ халқының рухани оянуына, мемлекетіміздің іргесін бекітіп,

егемендігіміздің баянды болуына қызмет ететіндігіне күмән жоқ.

Материалдар және әдістер

Жеке тұлғалар тарихы ешқашан халқынан бөлінген емес, керісінше, ұлтымыздың әйгілі қайраткерлерін тану арқылы тұтастай еліміздің тарихы жазылады. Түптеп келгенде, өмірдің мәні де, сәні де ұрпақтар сабақтастығында, өзара байланыста жатыр. Бұл арада Н.Ә. Назарбаевтың «ұлттық мүддеге қызмет етудің тарихи ұлы үлгілерін шын мәнінде көрсетіп берген әйгілі тарихи қайраткерлердің, мемлекет басқарушыларының тұтас легі біздің көз алдымызда», – деп жазуы (Назарбаев Н.А., 1999: 22) өте орынды.

XVIII – XIX ғасырлардағы белгілі тарихи тұлғалардың өз кезегінде халқына қалтқысыз қызмет еткен, отарлауға қарсы ашық күрескен, қазақ мемлекеттігін сақтауға талпынған іс-әрекеттері тарихын зерттеп, зерделеу бүгінгі уақыт еншісінде.

Қазақ қоғамындағы тарихи тұлғалар, соның ішінде XVIII – XIX ғасырлардағы хандар, сұлтандар, би, батырлар тарихы, олардың қоғамдағы орны патшалық Ресей кезеңінде түрлі басылымдарда көрініс тауып отырды. Патша үкіметінің отарлау саясатының басты ерекшеліктерінің бірі қазақтың сұлтандары мен билерінің арасында алауыздықты өршіту болды. Ресей империясы қазақ мемлекеттілігінің дәстүрлі хан сайлауы жүйесіне соққы бере отырып, Айшуақ, Жантөре және Шерғазы хандарды әкімшілік арқылы тағайындап, Кіші жүздегі қатынастарды одан әрі өршітті. Патша үкіметі бұл өлкеде Хан кеңесін енгізу арқылы хандық институтты әлсіретуге бағыт ұстанды.

Қазақ мемлекеттілігін зерттеуде бұрмалаушылықтарға ұшырап келе жатқан тақырыптардың бірі – қазақ дәстүрлі қоғамының саяси жүйесі екендігі белгілі. Дәстүрлі қазақ қоғамында билік жүргізу бірнеше деңгейде жүзеге асырылды. Қазақ қоғамындағы бір ерекшелік ең жоғары билік жүргізу құқы Шыңғыс хан ұрпақтарының әлеуметтік тобынан сайланатын ханға тиесілі болуы. Аталған қоғамда билік жүргізу бірнеше деңгейде жүзеге асырылды.

Хандық биліктің негізгі функцияларына рутайпалар арасындағы өзара келіспеушіліктерді шешіп, реттеу, әскери-саяси және сот қызметтері, сонымен бірге экономикадан тыс қайшылықтарды шешу сияқты қызметтер жатты. Сыртқы саясаттағы ең басты функциясы – ха-

лықты сыртқы шапқыншылықтан қорғау және ел мен жердің тұтастығын сақтау болды. Қоғамдық санада хан билігі мемлекеттіліктің, қоғамдық ұйымдастыру ісіндегі тарихи сабақтастықтың, қауіпсіздік пен игіліктің нышаны ретінде қабылданды. Сондықтан да хан Қазақ мемлекетінің ең жоғары билік иесі болып табылады. Ол мемлекет, қоғам, халық бірлігін сақтайтын, елдің басын қосып ұстайтын ең жоғары дәрежелі әрі халық сенген, оларды ортақ бір іске, бір мақсат-мүддеге жұмылдыра білетін әділдік жолынан таймаған бірегей ел басшысы.

Мысалы, Қаратай сұлтан тек қана Әбілқайыр хан немересі болғандықтан ғана емес, ең бастысы, өзінің заманындағы қоғамдық-саяси белсенділігі нәтижесінде көршілес елдерге, халқына танымал болды. Сондықтан да оның тарихының XIX ғасырдан бастау алуы заңды да.

Нәтижелер және талқылаулар

Жалпы Қаратай Нұралыұлының және басқа да тарихи тұлғалардың қоғамдық-саяси қызметінің зерттелу деңгейін, біздіңше, үш кезеңге бөліп қарастырған дұрыс. Алдымен, Қазан төңкерісіне дейінгі тарихнама. Оның бастауы орыс зерттеушілері А.И. Левшин (Левшин, 1996: 656), Л. Мейер (Мейер, 1865: 168-288.), И.И. Крафт (Крафт, 1898: 145), П. Юдин (Юдин, 1894; 1895), С.Н. Севастьянов (Севастьянов, 1905: 104), А.И. Добросмыслов (Добросмыслов, 1901: 240) есімдерімен байланысты. Олардың еңбектерінің барлығы дерлік орыс әкімшілігінің тапсырмасымен жазылған. Сол себепті еңбектерде қазақтың атақты қайраткерлері біржақты бағаланды деуімізге әбден болады.

А.И. Левшин Қаратай сұлтанды 1797 жылғы Есім хан өлтірілуінен кейінгі қалыптасқан саяси жағдайға байланысты атап өтіп, оның хандық таққа ұсынылуы жөнінде, бірақ «сұлтанның патша үкіметіне адалдығы күмәнді болды» деген пікірмен шектеледі. Зерттеуші XVIII ғасыр аяғы мен XIX ғасыр басындағы Кіші жүздегі шиеленіс себебін Әбілқайыр хан ұлдары Нұралы мен Айшуақ ұрпақтары арасындағы талас-тартыстан іздейді.

Л. Мейер өз еңбегінде Қаратай сұлтан жөніндегі материалдарды кеңірек пайдаланып, оның нәтижесінде сұлтанның өмір жолын 1826 жылға дейін шолып өтті. Бірақ сұлтанның күресін хандық таққа талас деп қорытып, үнемі Қаратайды патша үкіметі бекіткен Айшуақ, Жантөре, Шерғазы хандарға қарсы тұлға ретінде қарастырды, ал сұлтанды қолдаған қазақ рула-

ры «қарақшылар», «тонаушылар», «жабайылар» деп аталды. Ол А.И. Левшиннен де асып түсіп, Нұралы хан ұлдарын, соның ішінде Бөкей мен Қаратайды бір-біріне қарсы қойды. Әскери штаб офицері Л. Мейер сұлтанды жазалауға шыққан орыс әскерлерінің қазақ даласындағы іс-әрекеттерін – тонаушылық пен зорлық-зомбылықтарын ақтауға, патша саясатын заңды үрдіс ретінде түсіндіруге тырысты.

И.И. Крафт «Далалық облыстар қырғыздары туралы заңдар жинағы» деген еңбегінде алғашқылардың бірі болып, Қаратайға орынды бағасын берді. Зерттеуші сұлтанды «қабілетті, ақылды, билікқұмар» адам ретінде сипаттай отырып, қатаң тәртіп орнатуымен бүкіл Кіші жүзге билігі жүргендігін алға тартады. Есім хан өлтірілген соң дәстүр бойынша хандық Қаратайға көшуі тиіс еді, бірақ сұлтан ағасы Айшуаққа жол берді – деп түйіндейді. Дерек ретінде хорунжий С.К. Нұрмұхамедовтан жеткен хабарларды айта аламыз.

Қаратай сұлтан жөніндегі мол мәліметті П. Юдиннен де кездестіреміз. Оның «Тургайские областные ведомости», «Тургайская газета» беттерінде жарық көрген бірнеше мақалалары XIX ғасырдағы Қаратай сұлтан жөніндегі мағлұматтарды жаңа материалдармен толықтырды. П. Юдин патша саясаты жөнінде қалыптасқан ресми көзқарасқа өзгеріс енгізбегенімен, сұлтанның Ресейге қарсы жүргізген әрекеттерін толықтай көрсетуге талпынды. Ол Орынбордағы архив деректерін толықтай көшіріп, ешбір ғылыми талдаусыз, газетке жариялады. Соның арқасында Қаратай 1817 жылға дейін «тонаушы», «бас бұзар», «қарақшы», ал 1817 жылдан соң Ресейді қолдаушы ретінде түсіндірілді. П. Юдин қазақтың ұлт-азаттық қозғалысының негізгі себептеріне онша мән бермеді. «Тургайские областные ведомости» газетінің 1894 жылғы № 45 нөмірінде жарияланған мақаласында Б.Қаратаевтің ата-бабасы жөнінде П.Юдиннің Қаратайды «қарақшы» деп бағалауына қарсы орнықты жауап беріп, орыс зерттеушісіне белгісіз соны мәліметтерді хабарлаған (Қаратаев, 1894).

Ал, С.Н. Севастьянов 1839–1840 жылдардағы Хиуа жорығын жаза отырып, XIX ғасырдың I ширегіндегі Кіші жүздегі қоғамдық-саяси өмірді таразылап, қазақтардың Ресей бодандығын қабылдауына қарамастан орыстар иелігіне жиі шабуылдар жасауының себептерін түсінуге ұмтылады. С.Н. Севастьянов мұны «қазақтарды хиуалықтардың бағыттауынан» деп ұғынды. Бұл тұжырым автордың орыс әскерінің Хи-

уаны бағындыру жорықтарын, орыс шекарасын қорғау қажеттілігінен туындаған деген қорытынды жасауына негіз болған. Ол Орынбор Шекаралық комиссия төрағасы Г.Ф. Генс күнделігінен құнды деректер келтіреді. Онда Қаратай сұлтанды орыс әкімшілігінің қолға түсіру жоспарлары, Г.С. Волконскийдің саясаты жөніндегі мағлұматтар баршылық.

XVIII – XIX ғасырлардағы Қазақстан тарихын зерттеуге А.И. Добросмыслов ерекше үлес қосты. Ол осы кезеңдегі Қазақстанның батыс өңіріне қатысты Орынбор архивы материалдарын ғылыми айналысқа қосты. Ол сол кезеңдегі қазақтың тарихи тұлғалары Айшуақ, Жантөре, Шерғазы хандардың Қаратаймен қарым-қатынасына баға беріп, Қаратай бастаған қозғалысқа XIX ғасырдағы әлеуметтік-экономикалық жағдайдың ықпалын анықтауға көңіл бөлді. Қаратайды хандық таққа таласушы ретінде бағалап, Жантөре ханның өліміне басты себепкер етті, сұлтанды ағасы Бөкейге, немере інісі Шерғазы Айшуақұлына ашық жау ретінде сипаттады. Дегенмен, Жантөре хан өлімін, оған Қаратай сұлтанның қатыстылығын өзгелерден гөрі кеңірек талдады. Отарлық әкімшілік өкілі болғанына қарамастан автор Қаратайдың қазақ рулары арасындағы беделін мойындауға мәжбүр болды.

Орыс зерттеушілері бірауыздан Қаратай сұлтанды отарлаушы Ресей өкіметінің геосаяси мүдделері тұрғысынан қазақтар – «жабайы», «тонаушы», Қаратай – «қылмыскер», «барымташы» ретінде сипаттау тән.

Орыс отаршылдығының қазақ қоғамына тигізген «шапағатын» көрсетуге тырысушылық қазақ сұлтандары мен билерінің, батырларының қозғалысын шындық тұрғысынан зерделеуге мүмкіндік бермеді.

Мұның барлығы тарихымыздағы бүгінге дейін арнайы зерттеу объектісіне айналмаған тарихи тұлғалардың қоғамдық-саяси қызметін жүйелі түрде зерттеу қажеттілігінің ғылымтанымдық, қоғамдық сұраныстан туып отырғанын аңғартады.

Патшалы Ресей мен кешегі кеңестік тарихнамада қоғамның дамуы өндірістік тәсіл деңгейімен, өндірістік күштер мен өндірістік қатынастар сипатымен түсіндірілді де, тарихи процестегі жеке тұлғалардың рөлі көрсетіле бермеді. Тарихты адамдар жасайтындығы туралы қағида ұмыт болды. Қазіргі уақытта қазақ қоғамындағы тарихи тұлғаларды, олардың қоғамдағы ролін саралауға кең көлемде жолға қойылды. Отандық тарихнамадағы бұл үрдіс та-

рихты «жандандыруға (персонификациялауға) бағытталған жаңа методологиялық ізденістердің бір қыры ретінде танылуы тиіс. Тарихи тұлғалар туралы дұрыс түсінік қалыптастыруға бағытталған ауқымды жұмыстың құрамдас бөлігі ретіндегі зерттеу жұмысымыздың алдына мына міндеттер қойылды, біріншіден, XVIII ғасырдың соңғы ширегі мен XIX ғасырдың II жартысында Қазақстанның батыс өңіріндегі әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайға сипаттама беру; екіншіден қазақ сұлтандарының қозғалысының алғышарттары және оның саяси көзқарасының қалыптасуының көздерін анықтау; үшіншіден, Ресейдің отарлық саясатына қарсы халық бұқарасын көтеру, қозғалыстың сипатын және негізгі кезеңдерін зерделеу; төртіншіден, Кіші жүздегі қоғамдық-саяси өзгерістер (1813-1825 жж.) және оған қазақ сұлтандарының көзқарасы; бесіншіден, Қаратай Нұралыұлының Кіші жүздің Батыс бөлігінің билеушісі ретіндегі қызметін сараптау; алтыншыдан, сол кезеңдегі тұлғалардың тарихи бейнесін жасау.

Қазақстанның батыс өңірінде Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық күрес, Арынғазы қозғалыстары, сонымен бірге Ресей отарлауы барысындағы түрлі реформалары жүзеге асырылу әрекеттері болды. Мақалада осындай тарихи сабақтастық, үндестік те ескеріледі.

Орыс тарихнамасында Қаратайдың ата-бабасы Әбілқайыр, Нұралы хандар, немере ағалары Ерәлі, Айшуақ сұлтандар, туған ағалары Есім, Пірәлі сұлтандар жөнінде құнды деректер берілген. Орыс тарихнамасында Қаратай сұлтан есімі Бөкей Ордасындағы белгілі тарихи тұлғалар – Бөкей, Шығай тағы басқалармен бірге аталады. Орыс зерттеушілері жариялаған мақалалардың маңыздылығы Қаратай сұлтан бастаған ұлт-азаттық қозғалысының барысы, оның өзге сұлтандармен қарым-қатынасын, Орынбор, Астрахан губернаторларымен байланыстарын саралауымен құнды.

Ал 1736 жылы Әбілқайыр ханға келген ағылшын суретшісі Джон Кэстль Қаратайдың бабасының қабылдау сәтін былайша сипаттайды. Дж. Кэстль оны өз күнделігіне: «Жарты сағат өткеннен кейін жиналған қарақұрым халықтың көзінше Байбек пен тағы бір кісі екі жақтан қолтықтап, жетектеп мені ханға алып кетті. Хан отырған үйге он адым қалғанда, бір минут қимылсыз тұруымды сұрады. Содан кейін адьюдант немесе олардың тілінде жасауыл маған дыбыс беріп, мені тағы алты адым жерге апарып, тағы бір минут жасауыл келгенше тұрғызып қойды. Артынша мені тура есіктің

алдына алып барды, тағы біраз тұрғаннан кейін, жергілікті жердің сый-құрметімен демеп ішке кіргізіп жіберді. Хан киіз үйдің есігіне тура қарама-қарсы төрде отыр екен. Есіктен кіргенде басымдағы қалпағымды алдым, ханның алдында француздарша үш рет құрметпен басымды иіп, қошемет көрсеттім...» деп жазады (Кэстль Дж., 1996: 20-21).

АҚШ-тың Колгейт университетінің профессоры М.Б. Олкотт Әбілқайыр туралы «Іс жүзінде Әбілқайыр император әйелдің бірден бір берілген қызметшісі болған жоқ; ол кей кезде жоңғар билеушілерінің де көңілін жыққысы келмеді. Әбілқайырдың өз төңірегі ішінде де орыс бодандығын қабылдау жөнінде едәуір қарсылық болғаны шындық», – деп жазды (Есмағамбетов, 1994: 89).

Қаратай Нұралыұлының қоғамдық-саяси қызметі бүгінге дейін арнайы ғылыми тұрғыдан баға берілмеді. Бұл мәселе XVIII–XIX ғасырлардағы Қазақстан тарихының ақтандақ беттерінің бірі екені даусыз. Сондықтан Қаратай сұлтан патшалық Ресейдің отарлық саясатына қарсы болған, қазақ мемлекеттілігін сақтауға бар күш-жігерін жұмсаған тарихи тұлға. Қандай халық та өзінің тарихи тұлғаларын толық білмей, олардың өмірлік мұраттары мен азаттық үшін күрескен Қаратай сұлтан қозғалысы Айшуақ, Жантөре, Шерғазы хандар, Арынғазы сұлтан, Сырым, Көтібар, Арыстан батырлармен бірге өрбіген тарихтағы орнын анық зерттеп – зерделемек біз қазақ тарихындағы «ақтандақ беттерді» толық біліп болдық деп айта алмаймыз. Мұның өзі қазақ қоғамындағы отарлық езгіге қарсы күрестің тамырлары тереңде жатқандығын және сабақтастығын анық көрсетеді. Тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметін зерттеу арқылы біз өткенімізді түгендейміз.

Дәстүрлі қазақ қоғамында хан мен халық арасындағы ғасырлар бойы сақталған тепендік отаршылдық заманда бұзылды. Оның айғағы хандарды дәстүр бойынша халық сайламады, керісінше отаршыл Ресей патшасы тағайындады. Ресейдің отарлауы тұсында хан сайлау дәстүрі толық сақталғандай көрінгенімен оның ендігі жағдайда өзге ел территориясында өтуімен, алдымен ханды орыс патшасының бекітуімен ерекшеленді. Оны 1797 жылы тамыздың 15 жұлдызында Нұралы ханның ұрпақтары Орман, Қара, Жәнібек, Өзбекқали, Сары, Шығай, Шотқара, Елтай сұлтандардың «Бірінші ханымыз Әбілқайыр одан кейін Нұралы, Ералы және Есім төртеуі де хандық дәрежеге жоғарғы мәртебелі патша рақымымен

Орынбор мешітінде бүкіл қазақ халқының қатысуымен сайлаған. Олардың көзі тірісінде хандар ешқашан Ордада сайланбайтын және қазақ халқы үшін өзінің старшын, би, батырларымен жиналып, барлығы Орынборға баратын. Егер Шекаралық істер экспедициясы және жоғарғы мәртебелі император бұйырса, біз кешікпей Орынборға барамыз», – деген хатынан байқауымызға болады (ОрОМА, 63: 104-105). Бұл арада бір анықтайтын түсетін мәселе Әбілқайыр ханның ел ішінде сайланғаны, оны орыс патшасының бекітпегені. Әрине ханның немерелері ол жағдайды білмеді дей алмаймыз. Бірақ Кіші жүзде саяси жағдай өзгерді. Орыс әкімшілігі өз тарапынан хан «сайлауды» Сауда үйінде өткізуді жоспарлады. П. Юдин және И.И. Крафтың пікірлеріне тоқталсақ, Кіші Орданың ханы болып Айшуақ сұлтан 1797 жылдың 14 қараша айында бекітіледі (Юдин, 1894а; Крафт, 1898: 50).

Осы зерттеулердің өзінде-ақ Айшуақ сұлтанның хан сайлануы жөніндегі пікірлердің алуан түрлі екендігіне көз жеткіземіз. Біздіңше, А.И. Левшин мен Л. Мейер пікірлерін қолдауға болады, біріншіден, патша үкіметі Ордадағы хан сайлануының нәтижесіне риза емес рулардың көтеріліс жасауынан сескенсе, екіншіден, Ордадағы саяси оқиғаларды жете бақылай отырып сұлтандар мен билердің көзқарасын білу болса, үшіншіден, Әбілқайыр хан ұрпақтарының саяси көзқарастарын анықтау болды.

Дегенмен, патша үкіметі бір жылдан соң, 1798 жылы ғана Айшуақты хан етіп тағайындау жөнінде шешім шығарды. Бұл хан сайлауының өзіндік себептері бар болатын, біріншіден, үкімет орындары Ордадағы Қаратай сұлтанды жақтайтын рулардың ашық наразылығынан қатты сескенсе, екіншіден, Қаратай сұлтанның ұстанған бағытын анық білмеді, үшіншіден, Әбілқайыр ханның ұрпақтары Қаратай сұлтан төңірегіне топтасып, күш біріктіреді деп түсінді. Хан тағына таңдау неліктен қартайған сұлтан Айшуақ Әбілқайырұлына түсті деген заңды сұрақ туындайды. Осы мәселеге байланысты П. Юдин қартайған Айшуақ 1797 жылдың 14 қарашасында император І Павелдің жарлығы бойынша бекітілген мен, ол хан атағын өзінің туған халқының атынан зор қуанышпен қабылдай алмады деп ашық та айқын пікірін білдірсе, зерттеушілер А.И. Левшин, А.И. Добросмыслов «қартайған Айшуақтың орыс әкімшілігіне деген адал ниеттілігі мен адалдығы және патша үкіметінің жүргізіп отырған саясатын қолдайтын сахара төріндегі бірден-бір са-

яси қайраткер» деп бағаласа, Л. Мейер өзінің зерттеуінде «Орынбор шекаралық әкімшілігі Кіші Ордадағы саяси ахуалды елеп-екшей келе хан Нұралының ұлы Қаратайдың Бөкейді хан сайлауға қарсылығын ескеріп, қарт Айшуақты таңдады» деп атап көрсетеді (Юдин, 1894б; Левшин, 1996: 278; Добросмыслов, 1900: 211). Ал М.Б. Олкотт «Айшуақ хан ешуақытта да жайлы басшы бола алмады. Оны таңдап қойған орыстар еді, сондықтан қазақтар арасында беделі болмады. Сұлтандардың, соның ішінде Сырымның да, ұсынған кандидаты Нұралының некесіз әйелінен туған Қаратай (орыстарға Қаратай Нұралиев ретінде белгілі) еді, орыстардың одан бас тартқан себебі де оның заңды мұрагері деп есептемегенінде болса керек», – деп жазды. (Есмағамбетов, 1994: 108). Қаратай сұлтанның әкесі Нұралы ханның жанында саясатқа жастайынан араласа жүріп, оның саяси көзқарасы қалыптасқаны анық. Патша үкіметінің Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісті басуын, линия бойындағы орыс патшасының жалдамалы итаршылары казактардың ұлтына деген озбырлығын, патша өкіметінің айлакер шенеуніктерінің жүргізіп отырған саясатын түпкілікті түсіне білді. Оған бірден-бір дәлеліміз 1786 жылдың 3 маусымда II Екатерина патшайым әкесі Нұралыны заңды түрде сайланған хандықтан айырып, Уфа қаласына жер аударуы.

Айшуақ хан ел басқарған кезеңінде Кіші жүзде әлеуметтік-экономикалық саяси жағдай ерекше ширыға түсті. Әсіресе, 1797-1805 жылдары барымта өршіді. Шекаралық комиссияның төрағасы генерал-майор Г.Ф. Генс Айшуақтың ел басқаруының соңғы жылдарын «революциялық кезең» деуге болады дей келе, себебін былай деп анықтайды: «хан ешқандай билікке ие бола алмады, рулар арасындағы тартыс өршіп, түсінбестік жағдай қалыптасты, Бұхара мен Хиуаға баратын керуендер тоналып, із-түссіз кетті» (Мейер, 1865: 25).

1805 жылдың 17 ақпанында Айшуақ хан өз еркімен тақтан бас тартатынын, орнына үлкен ұлы Жантөре сұлтанды бекіту жөнінде генерал-губернатордан сұрайды. Айшуақтың ұсынысын генерал-губернатор Г.С. Волконский қабыл алғанымен, алдымен Жантөре жөніндегі мәліметтер жинақтап, 1805 жылы 10 мамырда «Кіші қырғыз-қайсақ ордасы сұлтан, би, старшындары мен бүкіл халқына» арналған үндеуін жолдады. Бұл хабардан соң Орынбор әкімшілігіне мүфтий М. Хұсайынов 1805 жылы «Айшуақтың баласы Жантөре сұлтан ел ішіндегі барымтаны бірінші ұйымдастырушы,

ол Орал шебінен 10 шақырым ұзап шығып, ел арасына бара алмайды және қазақтар үшін адам төзгісіз» тұлға деп баға бере келе, ол хан орнына Бөкей сұлтанды ұсынады. Бірақ Г.С. Волконский мүфтийдің пікіріне құлақ аспай керісінше Жантөре сұлтанды «әділ, халыққа шапағаты тиетін адам, пайдакүнем емес, Ордадағы ішкі мәселелерді дұрыс шешетін, Ресейге ниеттес» деп бағалайды.

Қаратай сұлтанның кандидатурасы туралы ешкім де жұмған аузын ашпады десе де болады.

Жаңа хан сайлануына байланысты Орынбор қаласына Жантөре сұлтан өз нөкерлерімен тамыз айының басында келсе, басқа сұлтандар, билер мен батырлар 20 тамыз күні жетті. Орынборға хан сайлауы қарсаңында, яғни 29 тамызда 5000-ға жуық қазақтар жиналып сайлауды күтті. Хан сайлауына Қаратай сұлтан да қатынасты.

А.И. Левшин, И.И. Крафт, Л. Мейер, П. Юдин пікірлері бойынша Жантөре хан тағына 1805 жылы қыркүйекте отырса, С.Н. Севастьяновтың зерттеуі бойынша Жантөре хан 1806 жылы Орданың тағына отырды деген пікір білдірген (Левшин, 1996: 283; Крафт, 1898: 50; Мейер, 1865: 27; Юдин, 1894а). Біздіңше, С.Н. Севастьяновтың пікірі негізсіз. Біріншіден, аталған зерттеушілер архив қорларынан алынған деректерге сүйенеді, екіншіден, Айшуақ ханның патша үкіметіне жолдаған арызы 1805 жылдың ақпанымен белгіленген, үкімет орындары бір жыл шарасыз отырмағандары анық, себебі Ордадағы барлық іс-қимылдарды Орынбор әкімшілігі ерекше бақылауда ұстаған. Тағы бір ерекше тоқталатын мәселе, Жантөрені хан сайлау құпия түрде өтті, сайлауға қазақтардың ең кедейленген тобы байғұстар қатынасты деген пікірді Л. Мейер, А.И. Добросмысловтар білдірді. Ал ол туралы М.Б. Олкотт «Айшуақ әдетте орыстар шебінен өте алыстап кете қоймайтын; 1805 жылы ол тақтан тайдырылды да, оның орнына баласы Жантөре хан болды. Орыстардың далада тұтастай азаматтық әкімшілік құруға әлі де зауқы бола қойған жоқ. Ондай әрекет қазақтарды түгелдей орыстарға қарсы қоятынын білді, ал ондай ауыртпалықты көтеруге олар әзір еместін. Оның орнына өздеріне жағымды Жантөре ханға қарсыластырды тыныштандыруға тырысты; 1806 жылы 1 мамырда патша Александр I орданы басқару ісінде ханға көмектесу және ақыл қосу мақсатында хан кеңес институтын құрды. Аталған кеңес Жантөренің көптеген қарсылыстарын сабасына түсіргенімен, Қаратайды тыныштандыра алмады, ол ханға қарсы барлық күшін пайдаланып, соғыс ашты (Есмағамбетов, 1994: 110-111).

Сонымен 1805 жылы қыркүйек айында әкесі Айшуақтың орнына хан тағына Жантөре отырады. Ең бастысы хан тағына Жантөре Айшуақұлының орыс шенеуніктерінің қолдауымен отырғанын тарихи деректер растайды. Патша үкіметі Жантөрені хан сайлауына бір мың елу үш сом қаражат жұмсайды. Бұл көрсетілген қаражат мөлшері сол кезеңде өте көп еді. Қазақтар сауда үйіне бір жылқыны бес сом бағаға сатқанын есептесек шынында да ірі көлемді қаражат екендігін аңғарамыз. Жантөренің хан сайлануына патша үкіметі ерекше ықылас білдірді. Әрине, мұндай жағдайда орыс үкіметінің отарлауы мен Жантөре ханның патша әкімшілігінің қол шокпарлық саясатына қарсы азаттық күресті Қаратай Нұралыұлының бастауы заңды еді. Бір жағынан қарасақ, қозғалыс ішкі талас, хандық тақ үшін болғандай. Архив деректерін мұқият сараласак, Қаратай сұлтан алдымен патша саясаткерлерінің хан тағына көпшілік қолдауына ие емес сұлтанды бекіту арқылы төрелер тұқымы арасына іріткі салу жоспарына қарсы көтерілгенін байқаймыз. Сөйтіп, Қаратай Нұралыұлы Ресейдің Қазақстанды отарлауын ашық түсініп, қарулы күрес жолын тандап алды.

«1807 жылы ру басылары тіпті орыстардың қолдағанына қарамастан Жантөренің билігінің әлсіздігін аңғарып, патшаға Қаратайды хан деп жариялауға өтініш білдіреді. Өтініші қабылданбайды, есесіне Қаратайға қарсы жазалау экспедициясы жіберіледі. Бұл оны орыстар мен Жантөреге қарсы шабуылын үдете түсуге итермелейді. Оның қарсылығы 1809 жылы Жантөрені өлтіргенге дейін күшейе түсіп, халық тарапынан қолдау тауып отырды», – деп М.Б. Олкотт өз пікірін білдірді (Есмағамбетов, 1994: 111).

Осы кезеңде қартайған Айшуақ екінші ұлы Шерғазыны хан тағына ұсынады. Хан сайлауына байланысты тоқтала кететін мәселелердің бірі Л. Мейер, А.И. Добросмыслов Айшуақ хан 1811 жылы дүниеден озғаны туралы деректер келтіреді (Мейер, 1865: 31; Добросмыслов, 1901: 240). Біздіңше, соңғы айтылған зерттеушілердің пікірінің дұрыстығына көз жеткізуге болады, себебі олар архив қорларында жиналған деректерге сүйеніп, тұжырым жасаған. Ал әбден қартайған Айшуақ ханның өтінішін патша әкімшілігі жерге тастамады. Баласы Жантөренің өлімін ұйымдастырушы кінәлі ретінде Қаратайды санауы, одан өш алудың жолын ол осылай тапты. Сонымен 1811 жылы 27 қыркүйекте Г.С. Волконский Сыртқы істер

министрі Н.П. Румянцевке Кіші жүзде Шерғазы Айшуақұлы мен Бөкей Нұралыұлының хан болып сайланғанын жеткізеді. Жіберілген хабарда ордалықтар екі партияға бөлінгенін, яғни, Бөкейге қарасты рулардың Астрахан далалары мен Жайық өзенінің Каспий теңізіне құятын сағаларын жайлайтындығын, Шерғазы сұлтанды қолдайтын рулардың шекараға жақын жерлермен Сырдария өзенінің бойында көшіп қонып жүргенін қаперіне береді (ОрОМА, 716: 249).

Қаратай сұлтан Кіші жүзде екі ханның сайланғаны туралы хабарды алысымен, патша ағзам ақшаны босқа шашуда, сайланған екі ханның бірі Ресейдің қол астында өмір сүрсе, екіншісі ештеңеге жарамайды деп мәлімдеген. Осы көрегендікпен айтылған сөздің ақиқатқа айналғанын өмірдің өзі көрсетіп берді (Мейер, 1865: 31-32).

Орынбор генерал-губернаторы Г.С. Волконский Кіші жүздегі қалыптасқан саяси жағдайды патшаға қыркүйек айының соңғы күндерінде ресми түрде хабарлай отырып, Ордада екі ханның сайлануына Ресей үшін өте тиімді, ол бір жағынан біз үшін де қолайлы себебі, қазақтардың империя шекарасына бірлескен шабуылдарына кедергі болатын бірден-бір жағдай деген пікірімен қуаттай түскен (ОрОМА, 716: 277).

Шерғазы Айшуақұлының хан сайлануына патша әкімшілігі мүдделі болғандығы белгілі, себебі патша үкіметіне Кіші жүзде тіл алғыш, берілген бұйрықты бұлжытпай орындайтын хан болғандығы қажет еді.

М.Б. Олкотт орыс зерттеушісінің мысалын келтіреді «Шерғазы ешуақытта мықты тұлға болған емес, үркектеу, екіжүзді және аузын ашпайтын партияның жетекшісі ретінде түкке де тұрмайтын. Оның билігі орыстардан тысқары жерлерде байғұстардан әрі аса алмады, ол айтқанға көніп, айдаған жерге көшіп-қонып жүре берді» деп суреттесе, ал Л. Мейер Шерғазыны былайша сипаттайды, «ол қорқақ, ар мен намыстан жұрдай, сұм, топтың басшысы ретінде түкке тұрғысыз еді» деп түйіндейді (Мейер, 1865: 31). Үкіметке нағыз керегі де осындай хан болатын.

1823 жылы 8 сәуірде Азия департаментіне, сол мекеменің бөлім басшысы А.И. Левшин Кіші жүз руларын атақты сұлтандар Қаратай Нұралұлы, Арынғазы Әбілғазыұлы, Темір Ерәліұлы, Шыңғали Орманұлы басқаратынын жаза отырып, Қаратай сұлтанның он екі ата Байұлы руларына басшылық жасап, қазақтар арасында беделінің ханнан да жоғары, немере інісі Шерғазы хан оны ақылы мен батырлығын сыйласа да, қауіпті адам екендігін біледі дей

келе Қаратай мен Темір сұлтандардың Арынғазы сұлтанмен қарым-қатынасында қайшылықтар болмағанын, ақылды, мақтан сүйгіш Шыңғали сұлтан Қаратайдың немере інісі, оны қолдайтын бірден-бір сұлтан деп бағалады және Кіші жүзде хан тағына лайықты. Қаратай мен Темір сұлтандар сияқты мемлекет қайраткерлерінің барлығын алға тартады. Қаратай сұлтанмен тығыз қарым-қатынаста болған Арынғазы сұлтан туралы орыс армиясының Бас штаб офицері Л. Мейер алғаш рет Арынғазы Әбілғазыұлының саяси қайраткерлігі жөнінде былайша пікір білдіріп: «сұлтандар арасынан шыққан, қазақтың жалғыз, адал патриоты», – деп жоғары бағалады (Мейер, 1865: 40), ал Е.К. Мейендорф Арынғазы сұлтанды «сұлтанның бет-әлпеті әдемі, үлкен, сұлу қара көзді, сырт пішіні келбетті және салиқалы көрінеді. Бізге ол кең түрде пайымдай білетін адам ретінде әсер қалдырды», – деп жазды (Мейендорф, 1975: 28).

А.И. Левшиннің жазбаларынан түйіндейтініміз сол кезеңде елдің игі жақсылары мен қазақ халқы бір орталықтан бағындырылған хан басқаруындағы мемлекеттің қажеттігін сөзсіз мойындаған және сол үшін күрескен. Патша үкіметінің саясаты хандық басқару жүйесінің ірге тасын әртүрлі амалдар арқылы шайқалтуды көздеді.

А.И. Добросмыслов өз зерттеуінде «қазақтардың тарихымен айналысып жүрген көптеген авторлар барлық билеуші сұлтандарды «қарақшы», «тоғышарлар» мен «тонаушыларға» теңейді, олардың көпшілігі ақылды да адал, сол кезеңнің көрнекі қайраткерлері екендігін мүлдем естен шығарады, ал қызметтеріне тоқталсақ қалыптасқан жағдайға байланысты іс-әрекет жасады деп әділ бағасын берген болатын (Добросмыслов, 1901: 75-76, 276-277).

Ресейдің отарлық саясатына анықтама бере келіп, А.И. Левшин былай деген: «Кіші жүзде хандықты жойып, жергілікті басшылыққа біртіндеп Екатеринаның губерниялық әкімшілік жүйесін енгізу көзделген» (Левшин, 1832: 65). Қазақ даласын Ресейдің отарлық әкімшілік жүйесімен басқару жүзеге асырылды. Патша өкіметі органдары өз позициясын нығайтуда қазақтардың көшпелі тұрмысы қазақ даласында Ресей империясының ықпалын нығайтуға кедергі жасайды деген көзқараста болды. Қазақтардың отырықшылыққа бет беруі оларды Ресей қарамағына түпкілікті енгізіп, сөйтіп империялық басқару жүйесіне бағындыруға қолайлы жағдай жасауға тиіс болатын. Біз, мұндай көзқарасты А.И. Левшин еңбектерінен

жиі кездестіреміз (Левшин, 1832: 30-31). Патша әкімшілігі қанша қолдау көрсетсе де Шерғазы ханның беделі күрт төмендеді де, халықтың көз алдында Кіші жүздің батыс бөлігінде Қаратай сұлтанның, оңтүстік-батыс бөлігінде Арынғазы ханның ықпалы өсті. Елдегі ішкі талас-тартыстың күшеюі, жайылымдардың тарылуы, шеп бойындағы казактардың зорлық-зомбылығы қазақтардың Қаратай сұлтанның иелігіндегі жерлерге көшуіне әкеліп соқтырды. Қаратай сұлтанның қоластына қашып бара жатқан 70 адамды шекті руының старшыны Санамас Сердалиннің ұстап кейін қайтарғанын Шекаралық комиссия Орынбор корпусы Бас Штабының бастығы генерал-майор Г.П. Веселитскийге мәлімдей отырып, старшынды басқа ордалықтарға үлгі ету үшін алқызыл ленталы алтын медальға ұсынады (ОрОМА, 1800: 1-4).

Ордадағы рулар арасындағы, алауыздық талас-тартыстардың күшеюін тоқтату мақсатында Қаратай сұлтан Арынғазы мен оның немере ағасы Шерғазы Қайыпұлымен бірлесе отырып шешудің жолдарын іздестіре бастады. Қаратай сұлтан мен Арынғазы ханның ел бірлігі жолындағы мүдде мақсаттары бір арнаға тоғысып жатты.

XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың бірінші ширегінде елі мен жері үшін күрескен екі тарихи тұлғаға Байұлы, Әлімұлы, Жетіру бөлімдерінің көпшілік бөлігі қолдау көрсетті.

Арынғазы хан Орта жүздегі бауырлары мен Арғын руының сұлтаны Жұма Құдаймендиевті, Мұса батыр Дәуітов сияқты басқа да атақты ел адамдарын тартады. Ендігі басты мәселе Қаратай сұлтан мен Арынғазы хан келісіміне Шерғазы Айшуақұлын қосу еді. Ал, мұны жүзеге асыру үшін олар Шерғазы ханды Қобда өзенінің бойына көпшілік ортасына шақырып, көкейтесті шаруаларды шешіп алуды көздеді. Бірақ Шерғазы хан Қаратай сұлтанға да, Арынғазы ханға да сене қоймады. Орыс үкіметімен елдің игі жақсыларының келісімге келе алмауы Жайық бойындағы бекіністердегі казактар мен қазақтардың қарым-қатынасын қайтадан шиеленістіріп жіберді. 1815 жылдың жазында Ордадағы ішкі тәртіпке «іріткі салушылар» мен үгітшілерді ұстауға Орал казак атаманы, полковник Бородин 160 казакпен шыққанымен бұл миссия да ешқандай нәтиже бермеді. Барлық бекініс, қамал форпост коменданттарына линия бойындағы қазақтардың көшіп-қонуын қатаң түрде бақылауға алып, тікелей әкімшілікке хабарлауды тапсырды. Сонымен қатар әр үш ай сайын бекіністердегі адам-

дар мен малдардың саны туралы есеп беріп отыру да ескертілді (Юдин, 1894б). Осындай есеп берудің бір ғана мысалы, 1815 жылы 6 тамызда атаман Бородиннің әкімшілікке берген есебін келтіре кетсек. Ілбішін бекінісінің маңында казак әскерлерінің аттарына дайындаған қысқы азығы 103 шөмеле шөпті табын руының старшыны Есенгелді, байбақты руының старшыны Жантілеу, алаша руының старшындары Алдар мен Құлдиярға қарасты қазақтардың өртеп жібергенін, 1030 сом шығынға ұшыратқанын өз есебінде көрсетеді (ОрОМА, 193: 1-2).

XIX ғасырдың алғашқы ширегінде Кіші жүз даласында әлеуметтік-экономикалық және саяси дағдарыс тереңдей түсті. Шерғазы хан мен сұлтандар арасындағы, руаралық және саяси билік үшін талас-тартыстарды Орынбор әкімшілігі өз мүдделеріне пайдалана білді.

1821 жылдың басынан-ақ Қаратай сұлтан мен орыс әкімшілігінің арақатынасы жаңа арнаға бет бұрды. 1817 жылғы келісім бойынша Хиуа керуендерінің қауіпсіздігіне жауапты Қаратай сұлтанды 1821 жылы ақпан айында Сарайшық бекінісіне бара жатқан 200 түйелі Хиуа керуенінің тоналғаны үшін кінәлап, керуен басы хиуалық Кәрімбай Рахимовтың мәліметі бойынша, керуен сұлтанға қарасты Сағыз өзенінің бойында қарақшылық шабуылға ұшырағаны алға тартылды (ОрОМА, 2362: 48). Қаратай сұлтан керуеннің тоналғаны жөнінде 1821 жылы 21 ақпанда губернатор П.К. Эссенге хат арқылы хабарлап, «керуенді тонаған табын рулары», сондықтан да жауапкершілікті ру старшындарынан сұрауды естеріне салады (ОрОМА, 2362: 74). Қазақ елінің Ресейге қосылуын қолдамаған рулардың басым болғандығын, кейін Шекаралық комиссияның төрағасы, инженер-полковник Г.Ф. Генс ашықтан-ашық мойындайды (Севастьянов, 1904: 16). Хиуалықтар керуеннің тоналуына, кек алуды қазақтар есебінен емес, Орынбор мен Троицкіден Бұхараға бағыт алған орыс керуендерін тонаумен жауап берді. Ресейдің Сыртқы істер министрлігі Бұхара мен Хиуа хандығының Ресеймен қарым-қатынасының күрт шиеленісуін Кіші жүздегі қазақ сұлтандарының жауапкершілігіне артты. Орынбор әкімшілігі мен Шерғазы хан да қазақ сұлтандарының Хиуа хандығына қарсылығын Ресей империясына қарсы жүргізілген саясат деп түсінді. Патша үкіметінің отарлау саясатының басты ерекшеліктерінің бірі қазақтың сұлтандары мен билерінің арасында алауыздықты өршіту болды. Ресей империясы қазақ мемлекеттілігінің дәстүрлі хан сайлауы жүйесіне соққы бере оты-

рып, Айшуақ, Жантөре және Шерғазы хандарды әкімшілік арқылы тағайындап, Кіші жүздегі қатынастарды одан әрі өршітті. Патша үкіметі бұл өлкеде Хан кеңесін енгізу арқылы хандық институтты әлсіретуге бағыт ұстанды.

Зерттеуші И. Казанцев 1867 жылғы «Қырғыз-қайсақтардың суреттемесі» еңбегінде: «Кіші жүздің Батыс бөлігінің алғашқы сұлтан правительі – Қаратай Нұралұлы болды. Ол бізге Жантөре Айшуақұлының өліміне қатысуымен, кейін өз кінәсін мойындап, жоғары мәртебелі патшаның кешірімін алуымен таныс. Қаратайдың түрпішіні көріксіздеу: «Жалпақ мұрынды, қиық көзді, қисық ірі тісті, көсе, талтақ аяқты; сауатсыз болған, бірақ әкімшілікке хат жазғанда өзі айтып отырған, астына жеке өзінің жүзіктен ойылып жасалған мөрін басқан. Мінез-құлқы өзіне сенімді, тәкаппар, бірақ әділ және адал болған. Ол 70 жастан аса өмір сүріп, 1828 жылы қайтыс болды», делінеді (Казанцев, 2001: 229). Ал архив деректеріне арқа сүйесек, Қаратай 1826 жылы 28 маусымда қайтыс болғандығын көреміз (ҚР ОМА, 2276: 28; 274: 71).

Қаратай бүгінгі Батыс Қазақстан облысындағы Жымпиты селосынан 18 шақырым жердегі Шідерті өзені жағалауында байбақты руының қорымында жерленген. Қаратайдың бірнеше әйелінен бізге белгілі 12 ұлының аты: Еркінғали, Тілеу, Қаналы, Сығалы, Әлжанәлі, Тәуке, Шолық, Ертіққали, Шөкі, Саналы, Бейсәлі, Қаршығалы (ҚР ОМА, 1836: 1).

Қаратай ұлдары, ұрпақтары кейінгі Қазақстан тарихында өзіндік қолтаңбаларымен есте қалды.

Қаратай Нұралұлы – елін сүйген, қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрескен тұлға. Қаратайдың бір басына атасы Әбілқайыр, әкесі Нұралыдан қалған мұра, 12 ата Байұлдарын басқарудан түскен мол пайда жететін еді. Бірақ ол тыныш өмірден гөрі халқының тәуелсіздігін, елінің, жұртының бүтіндігін, хандық басқарудың күшеюін көздеп отарлауға қарсы күресті. Ел арасында оның әділдігі, бірбеткейлігі, берген уәдесінен қайтпайтындығы, сонымен бірге қаталдығы жөнінде деректер сақталған. Мәселен, И.И. Крафт (Крафт, 1898: 52) хорунжий С.К. Нұрмұхамедовтен жеткен хабарламаны келтіреді. Онда Қаратай сұлтанның Шерғазы ханмен күресі кезіндегі жағдай суреттеледі. Деректе Қаратай өзіне бағынбаған табын руының жылқышы бөлімінен 199 жігітті жазаға тартқандығы айтылған. Мұның барлығы XIX ғасырдың I ширегіндегі ішкі шиеленіс жағдайында болған оқиғалар. Әрине, бұл арада Қаратайдың қаталдығын баса көрсетуімізге

болады. Мұндай әрекеттер қиын-қыстау жылдары жүзеге асып отырған. Тарихи шындық солай. Қазақ хандарының тұқымдары кие қонған Әбілқайыр бабаларының ісін билігімен емес, саяси күрескерлігімен, қайталанбас өнерімен жалғастырған қалың әулет. С. Хаммадов өз жазбасында Кіші жүз хандары Әбілқайыр, Нұрәлі, Ерәлі, Есім, Айшуақ, Мірәлі, Бөкей, Шығай, Шерғазы, Жәңгір хандардың да пенде ретінде бұл фәниден өткендігі туралы: «...Тағы Шыңғыс хан нәсілінен тараған нешелеген хандар мәңгілік таппай, бұл фәниден бәрі де өткен. Олардың бәрінен бері баһадүр хан Әбілқайыр бұл фәниде шейт болып, о дүниеге көшкен. Оның ұлдары Нұрәлі, Ерәлі хан бәрі де дәурен сүріп, өмірден өткен. Есім де палуан еді Кіші жүзге хан болып, ақыры шейт болып, ол дүниеге сапар шеккен. Тағы Айшуақ билік құрған, оған да ажал-нәубет жетіп, бұл дүниеден өткен. Және Нұрәлі хан ұлы Мірәлі түркіменге хан болып, о да бұл дүниемен қоштасқан. Айшуақ баласынан Шөжантөк (Шабак – А.А.) баһадүр хан заманында дәурен сүріп, шейт болған. Нұрәлінің ұлы Бөкей хан Нарынқұмды билеп, біраз уақыт дәурен сүріп, бұл дүниеден өткен. Бөкейден соң Шығай сұлтан Нарынқұмды билеп, хан ісін ада қылып, ақыры ол да қайтыс болған. Шерғазы хан талай заман дәурен сүріп, қартайып барып, ажал құрығына ілінді», – деп жазды.

Бөкей хан туралы «Әсіресе Бөкей хан атасы – бір жас хан еді, бұл фәниде жарғақ құлағы жастыққа тимей, тез дүниеден өтті. Оның қайратынан дәйім жұрт байсалды өмір кешіп, шаттанып, сүйініп кетті. Көрегендік танытып өзара сыйласып, жетімдерге шапағатын төгіп, рақымдықпен өмірден озды. Бұлардың қайқайсысын айтсақ та Жаһангер хандай қоңыр қалта емес еді, аты құраннан алынған, баянды қоғам құрып, шапағатын төгіп, бұл өмірден өтіп кетті. Мұндай бірде-бір хан болған емес, бұндай көркем сұлтан туылмады, жалғыз өзі болып өмірден озды...», – дейді.

Одан әрі ол «Өзінен кейінгі хан тағына ұлын отырғызып кетті, есімі Сахыпкерей еді... ажал-нәубет оған да келді... қайыр-шапағатты көп беріп, аруағы разы болды».

1849 жылы саратан айының 10-ында қайтыс болды, нижа бойынша 1265 жылы, жасы 21-де жолда жаны үзіліп, дүниеден өтті, алып келіп жамағат болып жерледік. Құдай оңдап, иманы саламат болсын! Шыңғыс хан әулетінен тарайтын Сақыпжан өмірден озды. Оның жағдайы біле-білсек бізге ғибарат. Ол намысты, жүректі еді, неше түрлі өнерді үйреніп,

біліп кетті. Сұлулығында, ақ көңілділігінде, адамгершілігінде, шарапатында, өнерлілігінде, басшылығында бұған жететіндер болмаушы еді. Оның мұнша өнері – шешендігі мен кең пейілдігінде алдына жан салмай кетті», – деп көрген-білгендерін жазып қалдырды.

Қорытынды

Адам баласы Алла Тағала берген ғұмырында жақсылығы мен зұлымдығын, адалдығы мен жамандығын, ар алдындағы әділдігі мен ғайбатын таразылап, Алладан кешірім сұрау мұсылман мойнындағы ең басты парыздың бірі. Осыған орай автор: «Ой, сұлтандар келіндер, ынтымақтасындар. Айтқандарың оған жетпес, сіз бен бізге ғибарат жетер. Келіндер енді, өткеннен ғибарат алыңдар, бір күні сізге де нәубет жетер. Егер ажалға шара болса, Жәңгір хан барлық малын, жерін беріп, ажалдан аман қалар еді, көрдіңіздер ханнан кімдер өлді, жолдасынан біразы бар, бәрі сіз бен бізге ғибарат. Егер ажал болмаса еш адам өлмес еді, сіз бен бізге ғибарат. Әділетті іс қылыңдар, зұлымдықтан аулақ болыңдар. Егер жылатсаңыз бір күні көз жасы түбіңе жетер, құдайдың әміріне бойынсын, хақтың қазасына риза бол, сіз бен бізге ғибарат жетер. Егер жапа шексеңіз, ашаршылықта дәм татырғанды еске алыңыз. Адамдар мұны естіндер, зұлымдықты қыла көрмеңдер. Егер зұлымдық қылсаңдар патша ағзам тарапынан бір күн қолды боласың».

1845 жылдың 11 тамызында Жәңгір хан кенеттен қайтыс болғаннан кейін, Орда біржола хансыз қалғанда патша үкіметі тарапынан Уақытша кеңес құрылды. Оның басшылығына Әділ сұлтан Бөкейхановты тағайындаған болатын. Осыған орай С. Хаммадов: «Уәли болған Әділ сұлтан уалайаты тыныш, әділдігі ұзағынан болсын, аты затына сай ғұмыр кешсін, саясатта сон-

дай күндерді нәсіп етсін», – деп жазды (Хаммад, 1906: 1-9). Сонымен дәстүрлі қазақ қоғамында хандық билік жоғары дәрежеде ұйымдасқан қоғамдық жүйе болғанын дәлелдейді.

Дәстүрлі қазақ қоғамында хан мен халық арасындағы ғасырлар бойы сақталған тепе-теңдік отаршылдық заманда бұзылды. Хандық басқару дағдарысқа ұшырады. Ресей империясы оны күштеп жоя бастады. Осыған орай елде оны сақтап қалу қазақ сұлтандары бастаған ұлт-азаттық қозғалыстар етек алды. Қазақтың атақты тарихи тұлғалары туралы орыс зерттеушілері еңбектерінде бір жақты бағалау үстемдік етті. Олардың пікірі бойынша Қазақстанның Ресейге «қосылуы» қазақ халқының көрнекті өкілдері XVI ғасырдан бері аңсап келе жатқан арманы болды; Ресейге «қосылу» қазақтарды Шығыстың варварлық мемлекеттерінің езгісіне ұшырауынан құтқарады және өркениетті елмен (Ресей өзін солай есептейді. – А.А.) жақындасуын қамтамасыз етті; Ресей Қазақстан аумағының Қытай мен ортаазиялық хандықтар арасында бөлініп кетуден сақтап қалды, экономикалық дамуына жол ашты. Бұл «ертегілер» бүгін де қылаң беріп қалады. Тіпті, Қазақстанды өз алдына дербес мемлекет ретінде емес, басқалардың көлеңкесінде ғана өмір сүретін, әлеуеті төмен ел санатында көргісі келетіндер бой көтеруде. Олар қазақ халқының жүздеген жылдар бойы отарлыққа қарсы жүргізген ұлт-азаттық күресін мойындамайды. Тәуменді халықтың тарихы да тәуменді екендігін жас ұрпақтың біле жүргені жөн. Халықтың тарихи санасы дұрыс қалыптаспай, ел егемендігі орнықты бола алмайды.

Зерттеу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыру жобасы (ИРН жобасы: AR08855800) шеңберінде жүргізілді.

Әдебиеттер

- Добросмыслов А.И. (1901) Тургайская область. Исторический очерк. Т.1. Вып.2. Оренбург. С. 240.
 Добросмыслов А.И. (1900) Тургайская область. Исторический очерк. Оренбург. С. 524.
 Есмағамбетов К. (1994) Қазақтар шетел әдебиетінде. Алматы: Атамұра-Қазақстан. 240 б.
 Казанцев И. (2001) Описание киргиз-кайсаков. Санкт-Петербург, 1867.
 Букеевской Орде 200 лет. Кн.1. Алматы. С. 229.
 Крафт И.И. (1898) Сборник узаконений о киргизах степных областей. Оренбург. С. 358.
 Крафт И.И. (1897) Принятие киргизами русского подданства. Оренбург. С. 146.
 Кэстль Дж. (1996) 1736 жылы Кіші жүз ханы Әбілқайырға барып қайтқан сапар туралы. Алматы: Атамұра. 96 б.
 Каратаев Б.Б. (1894) Ново-Сенаки, Кутаисской губернии. Тургайские областные ведомости. №45. 6 ноября.
 Левшин А.И. (1996) Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких Орд и степей. Алматы: Санат. 656 с.
 Левшин А.И. (1832) Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких Орд и степей. Санкт-Петербург. 465 с.

- Мейер Л. (1865) Киргизская степь Оренбургского ведомства. Санкт-Петербург. С.288.
- Мейендорф Е.К. (1975) Путешествие из Оренбурга в Бухару. Москва: Наука. 180 с.
- Орынбор қазақтарының облыстық басқарсы. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА). 4-к., 1-т., 2276-іс, 28 п.
- Орынбор қазақтарының облыстық басқарсы. ҚР ОМА. 4-к., 1-т., 274-іс, 71 п.
- Орынбор қазақтарының облыстық басқарсы. ҚР ОМА. 4-к., 1-т., 1836-іс, 1 п.
- Орынбор генерал-губернаторының канцеляриясы. Орынбор облыстық мемлекеттік архиві. ОрОМА. 6-к., 10-т., 716 іс, I-б. 277 п.
- Орынбор генерал-губернаторының канцеляриясы. ОрОМА. 6-к., 10-т., 1800-іс, 1-4 пп.
- Орынбор генерал-губернаторының канцеляриясы. ОрОМА. 6-к., 10-т., 2362-іс, II-бөлім, 48, 74 пп.
- Орынбор генерал-губернаторының канцеляриясы. ОрОМА. 6-к., 10-т., 63-іс, 104-105 пп.
- Орынбор генерал-губернаторының канцеляриясы. ОрОМА. 6-к., 15-т., 193 іс, 1-2 пп.
- Отан тарихының тағылымдары және Қазақстан қоғамының қайта жаңғыруы. (1999). Халық бірлігі және ұлттық тарих жылына арналған ғылыми сессияның материалдары. Алматы. 9 б.
- Севастьянов С.Н. (1905) Событие в Оренбургском крае, подготовившие экспедицию в Хиву 1839-1840 гг. Оренбург. С.254.
- Хаммад С. (1906) О ханах Внутренней Орды. Казань. С.9.
- Юдин П. (1894) Султан Каратай. Тургайская областная ведомость. Оренбург. № 36.
- Юдин П. (1894) Султан Каратай. Тургайская областная ведомость. Оренбург. № 40.

References

- Dobrosmyslov A.I. (1901) Turgayskaya oblast'. Istoricheskiy ocherk. [Turgay region. Historical essay]. T.1. Vyp.2. Orenburg. S. 240.
- Dobrosmyslov A.I. (1900) Turgayskaya oblast'. Istoricheskiy ocherk. [Turgay region. Historical essay]. Orenburg. S. 524.
- Yesmagambetov K. (1994) Kazaktar shetel әдебиетінде [Kazakhs in foreign literature]. Almaty: Atamұra-Kazakstan. 240 b.
- Kazantsev I. (2001) Opisanіye kirgiz-kaysak [Description of kirghiz-kaysak]. Sankt-Peterburg, 1867.
- Bukeevskoy Orde 200 let [The Bukeyev Horde is 200 years old]. Kn.1. Almaty. S. 229.
- Kraft I.I. (1898) Sbornik uzakoneniі o kirgizakh stepnykh oblastey [Collection of laws on Kyrgyz steppe regions]. Orenburg. S. 358.
- Kraft I.I. (1897) Prinyatiye kirgizami russkogo poddanstva [Acceptance of Russian citizenship by the Kyrgyz]. Orenburg. S. 146.
- Kestl' Dzh. (1996) 1736 zhily Kishi zhyz khany Abilk, ayyrga baryp k, aytk, an sapar turaly [About the journey of the Younger Zhuz Khan to Abulhair in 1736]. Almaty: Atamұra. 96 b.
- Karatayev B.B. (1894) Novo-Senaki, Kutaiskoy gubernii. Turgayskiye oblastnyye vedomosti. [Novo-Senaki, Kutaisi province. Turgay regional vedomosti] №45. 6 noyabrya.
- Levshin A.I. (1996) Opisanіye kirgiz-kazach'ikh ili kirgiz-kaysatskikh Ord i stepey [Description of Kirghiz-Cossack or Kirghiz-Kaysak Hordes and steppes]. Almaty: Sanat. 656 s.
- Levshin A.I. (1832) Opisanіye kirgiz-kazach'ikh ili kirgiz-kaysatskikh ord i stepey. [Description of Kirghiz-Cossack or Kirghiz-Kaysak Hordes and steppes]. Sankt-Peterburg. 465 s.
- Meyyer L. (1865) Kirgizskaya step' Orenburgskogo vedomstva [Kirghiz steppe of Orenburg Vedomosti]. Sankt-Peterburg. S.288.
- Meyyendorf Ye.K. (1975) Puteshestviye iz Orenburga v Bukharu [Travel from Orenburg to Bukhara]. Moskva: Nauka. 180 s.
- Orınbor qazaq oblistiq basqarması. Qazaqstan Respwblıkası Ortalıq memlekettik arxivi. [Orenburg heads the Kazakhstan region. Central State arksivi]. QR OMA. 4-q, 1-t., 2276-is, 28 p.
- Orınbor qazaq oblistiq basqarması. [Office of the Orenburg Governor-General]. QR OMA. 4-q, 1-t, 274-is, 71 p.
- Orınbor qazaq oblistiq basqarması. [Office of the Orenburg Governor-General]. QR OMA. 4-q, 1-t, 1836-is, 1 p.
- Orınbor general-gwbernatorı kancelyariyasy. [Office of the Orenburg Governor-General]. OrOMA. 6-q, 10-t., 716 is, I –b. 277 p.
- Orınbor general-gwbernatorı kancelyariyasy. [Office of the Orenburg Governor-General]. OrOMA. 6-q, 10-t., 1800-is, 1-4 pp.
- Orınbor general-gwbernatorı kancelyariyasy. [Office of the Orenburg Governor-General]. OrOMA. 6-q, 10-t., 2362-is, II-bölim, 48, 74 pp.
- Orınbor general-gwbernatorı kancelyariyasy. [Office of the Orenburg Governor-General]. OrOMA. 6-q, 10-t., 63-is, 104-105 pp.
- Orınbor general-gwbernatorı kancelyariyasy. [Office of the Orenburg Governor-General]. OrOMA. 6-q, 15-t., 193 is, 1-2 pp.
- Отан тарихının тағилıмдарı және Qazaqstan қоғамının қайта жаңғыруы. Халық бirligi және ulttıq тарих јilına арналған ғilми sessiyanın материалдарı. [Lessons of the history of the motherland and modernization of Kazakhstan's society. Materials of the scientific session dedicated to the year of national unity and national history]. (1999). Almaty. 9 b.
- Yudin P. (1894) Sultan Karatay. Turgayskaya oblastnaya vedomost'. [Sultan Karatai. Turgay regional bulletin]. Orenburg. №36.
- Yudin P. (1894) Sultan Karatay. Turgayskaya oblastnaya vedomost'. Orenburg. [Sultan Karatai. Turgay regional bulletin]. №40.